



# 2024 COPYRIGHT

© 2024

## АСАН ҚАЙҒЫ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ НҰСҚАЛАРЫ

Асан Қайғы – қатар қоныстанған екі елдің тарихына да, әдебиетіне де ортақ тұлға. Ол қазақ пен қырғыз поэзиясының көшін бастайды. Әрине, қырғыз зерттеушілері өз әдебиетінің тарихын түзгенде Асан Қайғының алдына Бұқа ырчы (Кетбұға) мен Тоқтағұлды (XIV ғасырда өмір сүрген Тоқтағұл Сайдалыұлы) ғана салады. Ал олардың поэзиялық антологиялары көбінесе Асанның өлеңдерімен ашылады.

Академик С.Қасқабасовтың айқындамасы бойынша тұжырымдасақ, біздің танымымыздағы Асан Қайғы – «Дербес мемлекет болып, Қазақ хандығы құрылған кездегі аса беделді де көрнекті жырау болған қайраткер Асан Сәбитұлы. Ел арасында және дерекнамаларда оны Асан Қайғы деп атаған. Асан Сәбитұлы шамамен 1370-1380 жылдары Еділ жағасында дүниеге келген» [1, 505].

М.Әуезов Асан Қайғыны қазақ елінің орыс билігіне мойын ұсыну мәселесі әлі туындай қоймаған әз-Жәнібек заманынан беріде, Абылайдың дәуіріне жақын кезеңде өмір сүрген адам деп есептейді [2, 199]. Бұл ойын ол: «Ел Асанды кәрі күннің сәуегейі сияқты көрседі. Бұл күнде өз өміріне Асан Қайғының тұспал сөздері келіп тұрған сияқтанады. Асанның сондағы айтқан сөздері келген сайын ел оны, тіпті кәрі заманды болжап, біліп қойған кісі қылып, атағы мен білімін зорайтып, гайыпты болжаған қырағылығын күшейту үшін өз қолымен әдейі алыс заманға апарып қойғысы келеді» [2, 198], – деп негіздейді.

Асан атына «Қайғы» сөзінің қосылып айтылуының өзі бірқатар ғылыми тұжырымдарға өзек болған. Х.Досмұхамедұлы Асан Қайғы есімінің орыс тіліндегі мағынасын «Асан-Печальный, Асан-Горемыка» [3, 22], – деп көрсетеді. Ал Ә.Қоңыратбаев «Асан» жеңіл деген сөз. Сонда бұл атау «жеңіл қайғы» дегенді білдірген болады. Асан Қайғы ноғайлы дәуірінде көп жылдарға созылған ел басындағы ауыр халді жинақтаған болса, оны қалайша «жеңіл қайғы дейміз» [4, 95], – деп, ұлы ойшылдың аты-

нан логикалық қисын іздейді. Тіпті, мұны арманына жете алмаған ғашықтың қайғысына апарып телитін аңыз әңгімелер де бар [5, 28].

Зерттеуші С.Қондыбаев сөздің этимологиясына үніліп, «Асан – аспан адамы», «Қайғы – ақын, жырау, сазгер», сонда Асан Қайғы «аспан жыршысы» болып шығады деп топшылайды [6, 168]. Ал санамызға әбден сіңісті болған мағына тұрғысынан келсек, ойшылдың өлең-толғауларының мазмұндық сипаты «Асан Қайғы» ұғымымен үндес. Бұл – қайғы қара бастың қайғысы емес, елдің қамын ойлап, келешегіне алаңдаудың қайғысы, күмән мен күдікті, зар мен мұнды, шемен мен шерді тұтастандырып тұрған қайғы. Ақынның ой-ниетін де, болмыс-бітімін де, тарихи тұлғасын да айшықтайтын атау. Осы орайда, «Оның атына жалғанған Қайғы деген анықтама халық сүйіспеншілігінің белгісі іспеттес. «Тауарих хамсаның» авторы, өзі діндар Құрманғали Асанның «Қайғы» аталу себебін дінге тіремек болады. Бұл халық санасындағы Асан бейнесімен қабыспайды. Асан қайғысы бақиды, ахирет жайын ойлағаннан туған қайғы емес. Асан мұңының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың сол кездегі тұрмыс-халіне жаны ашығандық, өмірге көңілі толмау бар. Асан қайғысы – бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы» [5, 34], – деген М.Мағауин пікірі ақын толғауларының табиғатын дәл танытады. Аталған мәселеге байланысты байыпты тоқтамның бірі осы.

Асан Қайғы әдеби кейіпкер және шығармашылық тұлға ретінде қазақ пен қырғыздан басқа ноғай, башқұрт, қарақалпақ әдебиетінен орын алған. Фольклоршы ғалым Б.Мамиева «Ноғай Ордасының құрамында болған ру-тайпалардың негізінде жеке-жеке ұлт болып құрылған осы халықтардың әдеби және фольклорлық мұраларында сақталған Асан Қайғы бейнесінің қазақ аңыздарымен ортақ және алшақ тұстарына талдау жасау» [7,14] арқылы оны жиынтық образ ретінде қарастырды.

Қай ұлт та өз танымындағы Асанды төл тарихымен тығыз байланыстырады. Оны елдің болмыс-бітімімен тамырласып кеткен тұлға ретінде көрсетеді. Асан Қайғыны меншіктеген ел-жұрттың зерттеушілерінің бәрінің дерлік



еңбегінен осындай үрдісті байқаймыз. Мәселен, қарақалпақ ғалымы Ж.Бердиев Тәуке хан, Батыр хан және Төбет би тұсындағы ахуалды саралай келіп, өз елі Ұлытауға келіп қоныстанғанда Асан Қайғы 80 жасқа толған еді деп тұжырымдайды [8, 19]. Жиынтық бейне деп топшылаудан гөрі өз тарихына бейімдеп, нақтылауға әуестік басқа елдің оқымыстыларына да тән нәрсе. Қырғыз зерттеушілері қазіргі қазақ ғалымдары күллі түркі дүниесіне ортақ Асанды жеке дара меншіктеп отыр деп наз айтады [9, 27]. Бауырлас ноғай және қарақалпақ зерттеушілері Асан Қайғының өз дәуіріндегі «жазба әдебиет нұсқаларын сүйеніш еткендігі» жөнінде байыптама жасайды [10; 11]. Сондай-ақ, Асан Қайғы мен Жиренше шешеннің замандас болғаны туралы аңыздар туралы да сол ноғай, қарақалпақ зерттеушілері баян етеді [12, 214-215; 11, 120-125]. Қазақ пен қарақалпақта Жиренше, қырғызда Жээренче, түрікменде Йикренче деп аталатын, ақыл мен парасаттың, алғырлық пен тапқырлық символы болып саналатын бұл кейіпкердің де бүкіл түркі әлеміне тиесілі екені баршаға мәлім [13, 445].

Қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғының (Асан – сострадаец) өмір сүрген уақытына байланысты деректер де әркелкі. Ел ырчыларының жинағында ХІХ-ХV ғасырлар деп көрсетілсе [14, 9], философ-ғалым Б.Аманалиев аңыздарға сүйене отырып, ұлы ойшылдың ХVІІ ғасырда Ыстықкөл өңірінің Жырғалаң деген елді мекенінде ғұмыр кешкенін айтады [15, 64].

Асанның әдеби тұлғасы мен шығармашылық болмысын түйіндеп-тұжырымдаған дерек көзіне ден қойып, сараласақ, «өзінен соңғы ұрпақ әулие танып, «Асан ата» атандырған ақын жайлы әр қилы мазмұн, әр түрлі сипаттағы әңгімелер халық арасына кең тараған. Асан Қайғы төңірегіндегі аңыздар негізінен үш жүйеге (Асанның алғаш танылуы, Қайғы атануы, «Жерұйықты» іздеуі) бөлінеді [16, 501].

Біздің өз зерттеуімізде Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуін зар заман жыршыларының мақсат-мұраттарымен сабақтастыра қарастырдық. Зар заман ақындары қазақ утопиясы – «Жерұйықты» аңсаған Асан Қайғыны оздеріне үндес, мұраттас санайды. Асанның жайлы жер іздеп, таппаған қапалы көңіл-күйі солардың шығармаларына

көшкен тәрізді. Аласапыран арпалыс пен жойқын шапқыншылықтан шалдығып-шаршаған халық ұғымындағы «Жерұйық» бірте-бірте көмескеленіп, болашақтың келеңсіз бейнесі туралы түсінік қалыптаса бастаған. Міне, өлең-жырдағы сол әуенді зар заман ақындары туындатты. Бір қарағанда «Зар заман» – «Жерұйыққа» қарама-қайшы ұғым, екіншіден, сол «Жерұйықтан» үмітсіздік түрткі болған, туынды идея. Яғни, екеуі де бір-бірімен негіздес, тамырлас атаулар. Желмая мініп, «Жерұйық» іздеген Асан зар заман поэзиясының да басында тұрады. Ұлы ойшыл утопиясының «Жерұйық» қана емес екенін Әуелбек Қоңыратбаев нақты айтады: «Асанда утопияның екі түрі бар: бірінде ол елге жайлы, нулы да сулы қоныс іздейді, екіншісінде номадтық өмірді аңсайды»...[4, 95].

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздегені туралы аңыз-әпсаналар – қыспаққа ұшыраған елдің ой-арманының көрінісі. Себебі, «Мұндай саяси-әлеуметтік жағдай елдің наразылығын туғызбай қойған жоқ, халық енді бұл дағдарыстан құтылудың жолын іздеді. Оны қиялдан, әлеуметтік утопиядан тапты. Өйткені қиыншылықтан, қоғамдық езгіден құтылудың басқа жолын халық білмейтін» [17, 105].

Біз Асан есімін бұрын айтылып жүргендей мекендік ұғым – жер жаннаты «Жерұйықпен» де, сондай-ақ, уақыттық ұғым – күйзеліс кезеңі «Зар заманмен» де байланыстыруымыз керек. Халықтың ой-арманымен өзектес «Жерұйық» – Асанның іздеген, бірақ таппаған нәрсесі. Ал «Зар заман» – болжап білген, бірақ көрмеген дәуірі. Демек, Асан Қайғы мұның екеуіне де куәгер болмаған. Мекендік идея – «Жерұйықты» уақыттық ұғымға бағындырсақ, ол қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болып шығады. Мекеннің үстіндегі тіршілік бәрібір уақытқа тәуелді. Сонда екеуі де келешектің еншісінде болғаны анық. Асан Қайғы кеселді заманның келерін біле отырып, соның бәрінен құтқаратын құт мекенді іздеген. Оны нағыз зар заман поэзиясындағыдай өткеннен емес, алдағы күндерден қарастырған. Бұл қисын бойынша «Жерұйықты» іздеу идеясын туындатқан себептің бірі – келер кезеңге сенімсіздік, яғни «Зар заманның» белгі берген нышандары деуге болады. Бірақ Асанның



қиялындағы «Жерұйық» утопия күйінде қалып, оның болжамындағы «Зар заман» қазақ жеріне мықтап орнықты. Зорлық пен зобалаңын ала келді.

Асан Қайғы есімі зар заман ақындарының ішінен Мұрат Мөңкеұлының шығармаларында көп ұшырасады. Мұның өзіндік себебі бар. Мұрат ақын Асан толғауларынан басталатын «ауа көшу», «қоныс аудару» сарынына үн қосады. Қоныстың құтсыздығы – ақынның негізгі тұжырымдарының бірі. Ол көшкен елдің әйгілі адамдарын санамалап жырға қосқанда, Асан есімін ауық-ауық атап отырады: «Артынан қазақ жұрты кетем деген, Соңынан Асан бидің жетем деген», «Асан би жердің үстін барлап кетті», «Қонысқа таласасыз бұ заманда, Біз түгіл Асан Қайғы тентірегем», «Қазтуған, Асан Қайғы, Орақ Мамай, Біз түгіл осылардан қалған қоныс», т.б... Қазақтың басына бұлт үйірілгенде жайлы қоныс іздеу идеясын Асан бастаған тұлғалардың әрекеті арқылы негіздеген Мұрат ұлы философтың болжам өлеңдерінің де құдіретін сезінеді: «Заманның болар тәрізін, Асан Қайғы әулие, Көзі көрмей байқады».

Қазақ даласы соңғы мыңжылдықта зар заман дәуірін төрт рет бастан кешкен деп тұжырымдайтын Ә.Кекілбаев: «Бір-бірінің жағасына жармасып жүріп, іргедегі ата жауларын қалай күшейтіп алғандарын өздері білмей қалған көшпелілер бірінен соң бірі жат құлқынға жұтыла бастады. Аран ауыздан алысырақ қоныс аударып, аман қалудан басқа амал таба алмаған Асан Қайғы желмая мініп, жер кезді. Бұл – біздің тікелей бабаларымыз кешкен екінші Зар заман еді» [18]. Келешектің келбетіне корегендікпен үңілген Асан абыздың болжамдары кейін зар заман поэзиясының негізгі желісіне айналғанын ескерсек, ойшылдың ғұмыр кешкен дәуіріндегі ахуалды тарихи-танымдық тұрғыдан салмақтап-саралаудың маңызы зор.

Болжал өлеңдерді қазақ халық әдебиетінің бір түрі деп атаған Халел Досмұхамедұлы осы сипаттағы жыр-толғауларды Асан Қайғының келешекке көріпкелдік айтқан өлеңдерінен бастайды. Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген Асанның толғаулары негізінен соған бағышталып айтылған. Халық ұғымында елдің бірлігін, жұртының шапқыншылықтан аман қалуын ойлап, жайлы қоныс іздеген

қамқор да көреген тұлға ретінде қалған оның ескертпелерінің өзі ғала дипломатиясының озық үлгісіндей. Мәселен, Асан өлеңдеріндегі «Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа» немесе «Ердің құны болса да, Алдыға кеп қалған соң... Аса кеш те қоя бер, Бұрынғыны қуыспа», – деген тоқтам сөзі жауынгер халықтың тізгінін тежеп, бұқпантайлап күй кешуге шақырғаны емес, не нәрсені де ақыл таразысына салуға, сабырлы болуға үндегені, елді қызбалыққа ұрынып, пәле-жалаға ұшыраудан сақтандырғаны («Түсіп кетсең қайтесің, Түбі терең қуысқа»). Бірақ бұл, әрине, намысыңды таптағанша төзімділік таныт деген сөз емес («Жолдасыңа жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа»). Осының бәрін сындарлылықпен саралаған Асан Қайғының ханға айтқан басты уәжі мынау еді:

Ай, Жәнібек, ойласаң  
Қилы, қилы заман болмай ма,  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма,  
Мұны неге білмейсің!? [19, 24]

Сондай-ақ осы өлеңнің деректік сипаты айқынырақ тағы бір нұсқасы жұрттың жадында сақталған. Оған құлақ қойсақ, аты аңызға айналған бабамыз келер заманның сипатын айна-қатесіз болжап берген. Болашақта қиындықтың қыспаққа алатыны, ел ішінің азып-тозатыны, тіпті орыс билігінің үстемдік құратынына дейін айтылады. Асан атаның алдағы дәуірге көріпкелдік жасаған осы бір өлеңін М.Әуезовтің өзі зерттеу еңбегіне арқау еткен:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып, жаман болар  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Балалардың дәурені тамам болар.  
Ол күнде қарындастан қайырым кетер  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер,  
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер [2, 199]



Асан келер заманның сипатын аңғартатын жаман ырымды Жәнібектің өз басындағы құбылыстарға да телиді. Ертістің бойынан зәулім қорған соқтырғанын жақтырмайды («Қорған салдың бейнет қып»), құладыңға қу ілдіргенінен шошиды («Құладың куды өлтірсе, Өз басыңа келеді»), хандық дәстүрді бұзғанына налиды («Қатын алдың қарадан, Айырылдың хандық жорадан. Ел ұстайтын ұл таппас, Айырыларата мұрадан»). Асанның ұғымында, елдің билеушісінің мұндай ағаттықтарға ұрынуы жақсылықтың нышаны емес. Төрт құбыласы тең түспеген ханның құзырындағы елдің де жайы келіспесі анық. Осы тығырықтан шығатын жол – жұртты көшіру, жайлы орын іздеу. Асан Қайғының бұл мұраты ұлы тұлғаның «Жерұйықты» іздеу идеясымен берік сабақтас («Тіл алсаң іздеп қоныс көр, Желмая мініп жер шалсам, Тапқан жерге ел көшер»), әрі ежелден қалыптасқан халқымыздың көшпенділік қағидаларымен үндес («Көшіп-қонып көрмеген, жер қадірін не білсін»). Сайып келгенде, мұның бәрі Ш. Уәлиханов «халық ұғымындағы көшпенді философ» деп атаған Асан Қайғының төніп келе жатқан қатерді еске салғаны болып шығады:

Бұл арадан көшпесең  
Айтқаныма түспесең  
Орыс алар қалаңды,  
Шулатар қатын-балаңды [2, 200]

Ал қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғы толғауларында келешектегі кеселдің түрі бұлайша нақтыланбайды. Сол себепті көрші ел ырчыларының да көшбастаушысы саналатын Асан тұжырымдары көбіне-көп ақырзамандық сарынға табан тірейді. Оның байлам сөзі «Мындай заман туш болсо, Қыйын болор онушуң» сипатында түйінделеді. Қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғы мемлекеттің әлсіреуіне Жәнібек ханды кінәлі санап, былайша ой толғайды:

Қырылған аталар үчүн,  
Энелердин кошогуучүн.  
Жакырланган эл үчүн,  
Шамалдай зымыраган уулдар үчүн.



Кыжыры кайнаган ата журт үчүн,  
Жаныбек аттуу биздин хан,  
Сенден жооп талап кыламын [9, 43].

Болжал өлеңдердің табиғатын терең танытқан эйгілі ғалым Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» деген еңбегінде Асан Қайғының атына телінетін мынадай өлең үзіндісін көріпкелдік мысалы етіп көрсетеді: «Ең ғажайып толғаулар – қазақта бергі кезге дейін сақталып келген сәуегейлік болжаулар. Онда айтылған:

Ата-ана баласын аямайды,  
Бала болса, ата-анасын сыйламайды.  
Қилы-қилы заман болады...

Бұл XV ғ. Асан ата айтқан дейтін толғаудың ең ескі дәуірдегі түрі секілді» [20, 185].

Болашақтың хабаршысы келер кеселдің күн ілгері қағылған дабылы тәрізді Асан толғауларынан пессимизмнің сарыны сезілмейді. Көшпенділердің данагөйі ғұмыр кешкен кезеңде ел-жұрттың тізгіні өзгенің қолына тимегені, қылыш қайрап, найза ұстаған ерлердің рухы түспегені даусыз. Мұндағы басты сарын алдағы күндердегі жайсыздықты сезінген көңіл-күй өзгерісінен туындайды. Асан шығармалары отаршылдық дәуір алдындағы ел тынысын нақты бейнеледі.

Енді Асан Қайғының қазақ пен қырғызға түгел танымал белгілі толғауына тоқталайық. Қазақтың Асан Қайғысы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,

Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?!

Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтып күн көрер,

Жалан аяқ балапан, қаздар қайтып күн көрер?! [19, 24]

деп күңіренсе, Қырғыз Асан:

Куйругу жоқ, жалы жоқ,

Кумда туулуп, чөлдо өскөн,

Кулан байкуш кантти экен?

Чымчып алар жүнү жоқ,

Чыңырарга үнү жоқ.

Боорунда буту жок,  
Жылан байкуш кантти экен? [14, 17], –

деп сарнайды. Эрине, казак пен кыргыздагы Асан Қайғы мұрасының айырмашылығы әрқайсысының өз тілінде кырлағандығында ғана емес. Әр халық өлең-жырды өзінше жинақтайды, бар-жоғын өз бетінше түгелдейді. Сол себепті жалпы желісінде ұқсастық болғанымен, қазақтың Асаны мен кыргыздың Асанының мұралары екі түрлі ұсқада көрініс тапқан. Кыргыздың Асан Қайғысының шытына телінетін өлеңдердің көлемі біздің Асандікінен гөрі әлдеқайда көбірек. Оның «Құйрығы жок, жалы жок» деп басталатын баршаға белгілі толғауының өзі өте ұзақ. Ауыз әдебиетінің үлгісімен «Таразасын көтөрүп, Тарбаңдаган шор тумшук, Таш бака байкуш кантти экен? Жатарга жайы жок, Жан багарга алы жок, Чымын байкуш кантти экен? Кирерге эшиги жок, Корголор тешиги жок, Коңуз байкуш кантти экен? Оргон-жыйган чөбү жок, Эчтемеге эби жок, Доңуз байкуш кантти экен?» деп термеленіп кете береді. Бұл толғаудың идеялық түпқазығын түсіндіруге тырысқан кыргыз зерттеушілерінің ұстанымына келсек, «Асан Қайғысының моральдык көз карашынын негизин адам гана эмес, калпы эле жаратылыштагы жандуу-жансыз нерсеге боорунерлик кылуу менен адам менен табияттын эки ажырымы емес, бирдиги түзүлөт» [9,39].

Кыргыздың Асан Қайғысы тек жан-жануардың қамын көп, құлан мен жыланның, қоңыз бен доңыздың жайын ойлап қайғырмайды, адам болмысын да қаперде ұстайды:

Сууга мууздап,  
Сөөгү сыздап,  
Чалбарларын мие албай,  
Чалдар байкуш кантти экен?  
Байпагын кие албай,  
Басып жүрө албай.  
Балдар байкуш кантти экен?  
Келини тил албай,  
Кипичин кие албай,  
Не кыларын биле албай,



Жөн басып жүрө албай,  
Кемпир байкуш кантти экен? [14, 19].

Асанның әдеби ғұмырнамасының қырғыз нұсқасы бойынша, ол «Желмая минип, маога жайлуу, адамга сыйлуу конуш издеп жер кезет. Обь, Иртыш суусун, Сыр-Дарыя боюн, Туркстан жерин, Чу аралыгын кыдырып, Көл, Ат-Башы, Текес, Жылдыз, Алты шаар, Кашгарга жетет. Уламыш боюча акыры Ысык-Көлдү жактырып, аны конуштап калып, өлөр алдында айткан керээзи боюнча сөөгү касиеттүү Ысык-Көлдүн адам жүрбөй турган бир аралына коюлган экен» [9, 44]. Мұндай топшылаулар Асан Қайғыға таласы бар басқа халықтардың әдебиеттерінде де кездеседі. Бірнеше нұсқалы аңыздар мен толғаулар тұжырымның әркелкілігін туындатады. Сондықтан оны әдебиеттану тұрғысынан жиынтық бейне ретінде қарастырған тиімдірек болмақ.

Қазақ пен қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғының әдеби кейіпкер және шығармашылық тұлға ретіндегі бірқатар деректері мен өлең-толғауларының нұсқалары осындай.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 бет.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет.
3. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 бет.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 бет.
5. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 бет.
6. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Зерде, 1999. – 304 бет.
7. Мамиева Б. Асан Қайғы туралы аңыздар. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 28 бет.

8. Бердиев Ж. Отражение в легендах и народных преданиях истории каракалпаков XIII-XVII вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Нукус, 1996. – 25 стр.

9. Ақматалиев А., Сарыпбеков Р. Асан Қайғы // Қырғыз адабиятының тарыхы. Қырғыз эл ырчылары. V том, – Бишкек: Полиграфбумресурсы, 2012. – 764 бет.

10. Сикалиев А. Древнетюркские письменные памятники и ногойцы // Советская тюркология. 1970. №4.

11. Нурмухамедов М. Карапалпак жазба адабиятынын дорсун хаккында. – Амударья, 1968. №6.

12. Сикалиев А. Литература. Ногойцы. Черкесск, 1988. – 204 стр.

13. Жиренше шешен. Қазақ совет энциклопедиясы. 4 том. Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1974. – 672 бет.

14. Қырғыз эл ырчылары. – Бишкек: Адабият жана искусство институту, 1994. – 180 бет.

15. Аманалиев Б. Из истории философской мысли киргизского народа. Фрунзе: Изд. АН Кир ССР, 1963. – 76 стр.

16. Асан Қайғы. Қазақ совет энциклопедиясы. 1 том. – Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1972. – 648 бет.

17. Қасқабасов С. Миф пен әлсананың тарихилығы. // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 бет.

18. Кекілбай Ә. Күй тәңірі // Егемен Қазақстан, 1993, 16 қазан.

19. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық, 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 бет.

20. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 бет.